| | provide strategic and innovative advantage within your profession. Suitable for anyone who is curious about design and translating the processes and tools of design thinking into innovative opportunities, over 5 weeks we explore, apply and practice the design process: think, make, break and repeat.<br>Through introducing theoretical concepts and examining industry case studies with leading Australian design firms, we investigate design as learning about the context (the thinking part), building prototypes as tangible representations (the making part) and testing potential solutions (the breaking part). We build on this by showing the productive value of moving through the process quickly and often (the repeating part), to improve ideas and develop new insights. \n\nThroughout the course, you will follow us through three of Australia's most exciting design offices and learn from practicing designers and leaders in design. This insight into industry will enable you to develop a comprehensive understanding of design and the role it can and does play within the innovation landscape. You will leave this course with a set of practical tools and techniques to apply | дизайнды ойлау әдісі ретінде қалай қолдануыңызға болатынын көрсетеміз. Бұл дизайн, дизайндық ойлау процесі мен құралдарын инновациялық мүмкіндіктерге айналдыруға қызығушылық танытқандар үшін пайдалы, бес аптадан астам уақыт бойы ойлау, жасау, бұзу және қайталау атты дизайн процесін зерттейміз, қолданамыз және тәжірибеде көреміз. Теориялық тұжырымдамалармен таныстыру және Австралияның жетекші дизайнерлік фирмаларымен бірге салалық case-жағдайларды зерттеу арқылы біз дизайнды контекстті (ойлау бөлігі), материалды көрініс ретінде прототиптерді құрастыру (жасау бөлігі) және ықтимал шешімдерді тестілеуді (бұзу бөлігі) оқып-үйрену арқылы зерделейміз. Біз идеяларды жетілдіру және жаңа инсайттарды дамыту үшін процестен тез әрі жиі өтудің (қайталау бөлігі) өндірістік құндылығын көрсету арқылы осыған сүйенеміз. Сіз курс барысында Австралияның ең үздік дизайнерлік компанияларының көмегімен бізге ілесіп отырасыз, тәжірибелі дизайнерлер және дизайн саласының көшбасшыларынан сабақ аласыз. Саланы осылай түсіну сізге | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | to situations within your own professional context, to translate problems into opportunities and solutions, and ultimately to innovate through design. | дизайнды, оның инновациялық ландшафттағы алатын орнын жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді. Бұл курсты аяқтағанда өзіңіздің кәсіби салаңызда қолдануға болатын практикалық құралдар мен әдістер жиынтығын алып шығып, мәселені мүмкіндіктер мен шешімдерге, түптеп келгенде дизайн арқылы инновациялық шешімдерге айналдыруды меңгересіз. | | |
| **18** | **Information Visualization: Advanced Techniques** | **Ақпаратты визуалдау: жетілдірілген әдістер** | | |
| | This course aims to introduce learners to advanced visualization techniques beyond the basic charts covered in Information Visualization: Fundamentals. These techniques are organized around data types to cover advance methods for: temporal and spatial data, networks and trees and textual data. In this module we also teach learners how to develop innovative techniques in D3.js.<br><br>Learning Goals<br>Goal: Analyze the design space of visualization solutions for various kinds of data visualization problems. Learn what designs are available for a given problem | Бұл курстың мақсаты – оқушыларды «Ақпаратты визуалдау: Негізгі қағидаттар» бөлімінде сипатталған негізгі диаграммалардан тыс визуалдаудың озық әдістерімен таныстыру. Берілген әдістер уақыт пен кеңістіктегі деректерді, желілер мен дарақтарды, сондай-ақ мәтіндік деректерді өңдеудің озық тәжірибелерін қамту мақсатында деректердің белгілі бір түрлеріне негізделген. Бұл модульде біз білім алушыларға D3.js-те инновациялық әдістерді қалай жасау керектігін үйретеміз.<br><br>Оқу мақсаттары<br>Мақсат: деректерді визуалдаудың әралуан түрлері үшін визуалдау шешімдерінің | 15,6 | https://www.coursera.org/learn/information-visualization-advanced-techniques |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | and what are their respective advantages and disadvantages.<br>- Temporal<br>- Spatial<br>- Spatio-Temporal<br>- Networks<br>- Trees<br>- Text<br><br>This is the fourth course in the Information Visualization Specialization. The course expects you to have some basic knowledge of programming as well as some basic visualization skills (as those introduced in the first course of the specialization). | жобалық кеңістігін талдау. Берілген мәселені шешу үшін қандай құрастырымдар қолжетімді және олардың қандай артықшылықтары мен кемшіліктері бар екенін білу.<br>- Уақыт<br>- Кеңістік<br>- Уақыт және кеңістік<br>- Жүйе<br>- Ағаш диаграммасы<br>- Мәтін<br><br>Бұл - «Ақпаратты визуалдау» мамандығы бойынша төртінші курс. Курс сізден бағдарламалау бойынша негізгі білім, сондай-ақ кейбір негізгі визуалдау дағдыларының (мамандандырудың бірінші курсында көрсетілген дағдыларға ұқсас) болуын талап етеді. | | |
| **19** | **Personal Leadership Development Planning and Leading High Performing Teams** | **Көшбасшылықты дамыту жоспары. Тиімді команданы басқару** | | |
| | An actionable leadership improvement plan enables you to leverage strengths and close the gaps on weaknesses. In this course, you will build your own plan that you can put into practice immediately and realize goals within the next two years. It lays the | Көшбасшылықты арттырудың тиімді жоспары артықшылықтарыңызды арттырып, кемшіліктеріңізді жоюға көмектеседі. Бұл курста сіз іс жүзінде қолдана алатын және мақсаттарыңызды екі жыл ішінде іске асыруға көмектесетін жоспар құруды | 6,1 | https://www.coursera.org/learn/leadership-development-planning |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | foundation for an evergreen process of selection and prioritization of skills, and action planning for sustained leadership development. | үйренесіз. Ол басымдыққа ие дағдыларды таңдап алып, көшбасшылықты тұрақты дамытуға арналған іс-әрекет жоспарына негіз болады. | | |
| **20** | **Organizational Behavior: How to Manage People** | **Ұйымдық мінез-құлық: адамдарды басқару** | | |
| | Peter Drucker, a pioneer in the field of management, once said that people have a perverse tendency to behave like human beings. Of course, we are not machines, and certainly not programmable. But through the study of organizational behavior, we can gain insights into what makes people tick within a work context. Increasing your understanding of your own behavior and that of your colleagues, teams and leaders, is an important first step to bringing positive change to how you and your organization work.<br>The objective of this course is therefore to provide insight into four key areas:<br>● Motivation. In this course segment we will understand the concept of motivation and review various perspectives that will help you understand how we can motivate others.<br>● Leadership. In this part of the | Бірде Питер Друкер, менеджмент саласын алғаш зерттеушілердің бірі, адамдарда адамға тән мінез-құлық көрсетуге қатты құлшыныстың бар екенін айтты. Әрине, біз машина емеспіз, бізді бағдарламалауға болмайды. Алайда ұйымдық мінез-құлықты зерттеу арқылы адамдарды жұмыс істеуге не итермелейтінін біле аламыз. Өз мінез-құлқыңызды, сондай-ақ әріптестеріңіз, командаларыңыз бен көшбасшыларыңыздың мінез-құлкын жақсырақ түсіну – сіз бен ұйымыңыздың жұмысына оң өзгерістер әкелетін алғашқы маңызды қадам. Сондықтан берілген курстың мақсаты – басты төрт бағыт бойынша мәлімет беру.<br>● Мотивация. Курстың бұл бөлігінде біз мотивация ұғымын түсінуге тырысамыз және басқаларға қалай мотивация бере алатынымызды түсінуге көмектесетін түрлі көзқарастарды қарастырамыз.<br>● Көшбасшылық. Курстың бұл | 6,0 | https://www.coursera.org/learn/managing-people-iese |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | course, we will analyze the concept of leadership and consider various perspectives and approaches to help shed light on leadership emergence and effectiveness.<br>● Teamwork. Here we look at team functioning and effectiveness. Using the widely used input – process – output model of team effectiveness, we consider such topics as team diversity, team processes, and team outcomes.<br>● Culture. Finally, we'll move to the level of the organization and consider the concept of organizational culture, also touching upon the concept of national culture. We look at the various ways in which culture is expressed, and discuss the implications of culture for people within organizations and cross-cultural collaborations. | бөлігінде біз көшбасшылық ұғымын талдаймыз, көшбасшылықтың пайда болуы мен тиімділігін түсінуге көмектесетін әр алуан көзқарастар мен ұстанымдарды қарастырамыз.<br>● Командалық жұмыс. Мұнда команданың атқаратын жұмысы мен тиімділігін сөз етеміз. Команда тиімділігінің кеңінен қолданылатын Үлес – процесс – нәтиже моделін пайдалана отырып, команданың әртүрлілігі, командалық процестер және команда нәтижелері сияқты тақырыптарды қарастырамыз.<br>● Мәдениет. Соңында ұйым деңгейіне өтеміз және ұлттық мәдениет ұғымына тоқтала отырып, ұйымдық мәдениет түсінігін қарастырамыз. Біз мәдениетті танытудың түрлі тәсілдерін зерттейміз және ұйымдар мен мәдениетаралық ынтымақтастықтағы адамдар үшін мәдениеттің мағынасын талқылаймыз. | | |
| **21** | **Preparing to Manage Human Resources** | **Адам ресурстарын басқаруға дайындау** | | |
| | One way or another, all employees are managed. But approaches to managing | Қалай болғанда да, барлық қызметкер басқарылады. Бірақ қызметкерлерді басқару | 11,1 | https://www.coursera.org/learn/managing-human-resources |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | employees varying from employee-to-employee, job-to-job, manager-to-manager, organization-to-organization, and country-to-country. This course provides a foundation for developing your own approach to skillfully managing employees by illustrating alternative human resource management (HRM) strategies, introducing the importance of the legal context, and thinking about what motivates employees. This will then give you the factual and conceptual basis for developing specific, critical HRM skills in subsequent courses on hiring employees, managing performance, and rewarding employees. Don't know anything about HRM? That's OK! Leave this course with a new-found understanding of the range of options available for managing employees, a grasp of what makes workers tick, and the readiness to develop your own HRM skills. | тәсілі: қызметкерден - қызметкерге, жұмыстан - жұмысқа, менеджерден - менеджерге, ұйымнан - ұйымға және елден - елге байланысты өзгереді. Бұл курс адам ресурстарын басқарудың (HRM) баламалы стратегияларын көрсетіп, құқықтық контексттің маңыздылығын таныстырады. Сондай-ақ қызметкерлерді не ынталандыратынын ойлау арқылы оларды шебер басқаруға мүмкіндік беретін өз тәсілдеріңді дамытуға базалық білім береді. Бұл сізге қызметкерлерді жалдау, өнімділікті басқару, оларды марапаттау бойынша және кейінгі курстарда нақты, маңызды HRM дағдыларын дамытуға тұжырымдамалық негіз береді. HRM туралы ештеңе білмейсіз бе? Ештеңе етпейді. Бұл курстан қызметкерлерді басқаруға арналған мүмкіндіктер ауқымы туралы жаңа түсінік алып, оларды түсінуге не итермелейтінін және өзіңіздің адам ресурстарын басқару дағдысын дамытуға дайын болыңыз. | | |
| **22** | **Managing Employee Performance** | **Қызметкерлердің жұмыс өнімділігін басқару** | | |
| | Once you have hired good employees, the next step that successful people managers take is to develop the full potential of their employees. Performance management is a | Жақсы қызметкерлерді жалдағаннан кейінгі табысты кадр менеджерлері жасайтын келесі қадам – өз қызметкерлерінің мүмкіндігін толық ашу. Жұмыс өнімділігін басқару – | 7,2 | https://www.coursera.org/learn/employee-performance |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | process that helps managers achieve the goal of getting the best from their employees.<br><br>In this third course in the Human Resources for People Managers specialization, we will discuss the skills and key processes you will need to develop your employees to attain department and organizational goals. These skills will include setting clear expectations, providing positive and corrective feedback, and delivering an effective performance appraisal. | менеджерлерге өз қызметкерлерінен үздік нәтижелер алу мақсатына қол жеткізуге көмектесетін процесс.<br><br>Кадр менеджерлеріне арналған адам ресурстары деген үшінші курста біз қызметкерлеріңіздің бөлім мен ұйымның мақсаттарына қол жеткізу үшін сіздің дамытуыңыз қажет болған дағдылар мен маңызды процестерді талқылаймыз. Бұл дағдылар өзіне айқын үміттерді, позитив және түзеуші кері байланыс пен тиімді жұмыс өнімділігі бағалауын жүргізуді қосып алады. | | |
| **23** | **Organisational design: Know your organisation** | **Ұйымдық дизайн: ұйымды тану** | | |
| | How do you lead your organisation when today's work environment is so competitive and complex? When you become responsible for leading an organisation, your most important leadership challenge will be enabling your organisation to deliver on its strategy while ensuring it remains sufficiently agile. This course will prepare you to tackle this challenge. You will examine what organisational culture is, the primary organisational structures, and what we mean by 'systems', before building on | Бәсекелі және күрделі жұмыс ортасында ұйымыңызды қалай басқарасыз? Ұйымды басқаруға жауапты көшбасшылардың ең маңызды мәселесі – ұйым икемділігін сақтай отырып, стратегияны жүзеге асыруға мүмкіндік беру. Бұл курс соны үйретеді. Іргелі білім мен стратегиялық көзқарасқа сүйенбес бұрын, ұйымның мәдениетімен, негізгі құрылымдарымен және жүйелерімен танысасыз. Курстың қосымша материалдары (видео дәрістер, тесттер, талқылау сұрақтары мен жазбаша бағалаулар) сізді | 4,9 | https://www.coursera.org/learn/organisational-design-know-your-organisation |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | your foundational knowledge and taking a more strategic perspective. The structured learning activities that complement this course (video lectures, quizzes, discussion prompts and written assessments) will not only prepare you to take your organisation forward in a more strategic direction, but to make better decisions along the way. | жақсы шешімдер қабылдауға және ұйымыңызды стратегиялық бағытқа жетелеуге дайындайды. | | |
| **24** | **Organisational behaviour: Know your people** | **Ұйымдық мінез-құлық: адамдарды тану** | | |
| | Organisations have changed and now, more than ever, personnel management is crucial to organisational success. In this course you'll explore a range of concepts, theories and methodologies that will help you navigate and optimise your work environment. Via structured learning activities (video lectures, quizzes, discussion prompts and written assessments) you will be exposed to the latest best-practice leadership strategies to enable your employees to achieve more at work. You'll examine case studies on advanced leadership strategies and be challenged to consider how these might apply to your own workplace. And you'll discover that your ability to manage and lead people in a flatter, more team-driven | Ұйымдар өзгерді, қазір HR ұйымның табысы үшін бұрынғыдан да маңызды. Бұл курста сіз жұмыс ортаңызды зерттеуге және оңтайландыруға көмектесетін бірқатар тұжырымдамаларды, теорияларды және әдістемелерді үйренесіз. Құрылымды зерттеу әрекеттері (бейнелекциялар, тестер, талқылау сұрақтары және жазбаша бағалау) арқылы сіз қызметкерлеріңіздің жұмыста көбірек жетістікке жетуіне көмектесетін соңғы озық көшбасшылық стратегиялармен танысасыз. Сіз көшбасшылықтың озық стратегиялары бойынша мысалдарды зерттейсіз және олардың жұмыс орныңызда қалай қолданылатынын қарастыратын боласыз. Сіздің өз адамдарыңызды біркелкі, командалық контексте басқару және жүргізу қабілетіңіз ұйымдық табыстың кілті екенін | 2,9 | https://www.coursera.org/learn/organisational-behaviour-know-your-people |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | context is now the key to organisational success. As the world continues to undergo dynamic change, this course will prepare you to be the one to lead your team and your organisation into the dynamic work environments of tomorrow. | көресіз. Әлем динамикалық өзгерістерді бастан кешіруде, бұл курс ертеңгі динамикалық жұмыс ортасында өз командаңызды және ұйымыңызды басқаруға дайындайды. | | |
| **25** | **Conflict Transformation** | **Конфликт трансформациясы** | | |
| | This course introduces you to the concept of conflict transformation and how it differs from conflict resolution, management, and prevention. We'll see how conflict offers opportunities for constructive change, and we'll explore different tools and methods for engaging conflict constructively.<br><br>Regardless of your familiarity with the topic, you'll get insightful tips, portable handouts, lively demonstrations, and personalized assignments to bridge and enhance your own knowledge and history within the conflict narrative. In any area of your life, you'll benefit from the practical techniques and transferable information offered throughout this five-week journey. | Бұл курс сізді конфликт трансформациясы тұжырымдамасымен, сондай-ақ оның конфликтіні шешу, басқару және болдырмаудан несімен ерекшеленетінін көрсетеді. Конфликтінің конструктивті өзгерістерге арналған мүмкіндіктерді қалай ашатынын көріп, оны конструктивті шешудің түрлі құралдары мен әдістерін қарастыратын боламыз.<br><br>Бұл тақырыппен таныс болу-болмауыңызға қарамастан, конфликт туралы айтылғанда, өз біліміңізді нығайту үшін сізге пайдалы кеңестер, үлестірме материалдар, тікелей демонстрация және дербес тапсырмалар берілетін болады. Өміріңіздің кез келген сәтінде сіз осы бес апталық курста ұсынылатын практикалық әдістемелерден және берілетін ақпараттан пайда алатын боласыз. | 13,4 | https://www.coursera.org/learn/conflict-transformation |

| **26** | **Transmedia Storytelling: Narrative worlds, emerging technologies, and global audiences** | **Трансмедиадағы сторителлинг: технологиялар мен аудитория** | | |
|---|---|---|---|---|
| | Transmedia storytelling is the practice of designing, sharing, and participating in a cohesive story experience across multiple traditional and digital delivery platforms - for entertainment, advertising and marketing, or social change.<br><br>Have you ever read a book, seen a movie, watched a television show, or played a game that centred around different aspects of a larger story or universe?<br><br>You may be familiar with popular examples of such universes like Star Wars, Marvel, and The Walking Dead (to name a few).<br>How do the professionals develop such expansive narratives?<br>How do they ensure that each element stays true to the original story?<br>How do they innovatively use different technologies to share the stories, grow audiences and create an active and involved community of fans?<br><br>More and more, we are also engaging with | Трансмедиалық сторителлинг – ойын-сауық, жарнама, маркетинг немесе әлеуметтік өзгерістер үшін хикаяларды дәстүрлі және цифрлық платформаларда баяндау, әзірлеу және тарату.<br><br>Сіз белгілі бір хикаяға немесе ғаламға қатысы бар кітаптар оқып, фильмдер мен телешоулар көріп, ойындар ойнағансыз ба?<br><br>Бәлкім, «Star Wars», «Marvel» және «The Walking Dead » деген секілді танымал ғаламдарды білетін шығарсыз? (бұл жерде кейбірі ғана аталған).<br>Кәсіби мамандар мұндай ауқымды хикаяларды қалай жасайды?<br>Олар әрбір элементті хикаяның түпнұсқасымен қалай сәйкестендіреді және оны қалай бақылайды?<br>Мамандар хикаяға қызығатын белсенді көрермендердің қауымдастығын құрып, аудиторияны кеңейтіп, хикаямен бөлісу үшін әртүрлі инновациялық технологияны қалай қолданады? | 18,4 | https://www.coursera.org/learn/transmedia-storytelling |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | elements or franchises of larger and more complex stories across a much more diverse range of platforms like interactive web experiences, social media communities, mobile devices, theme parks, and even augmented and virtual reality.<br><br>A major challenge that current and future storytellers face is being able to engage different audiences in a story that is seamlessly told across all of these different platforms.<br><br>WHAT WILL I LEARN?<br>This course will help you to design a strategy for developing and telling your own transmedia story.<br>You will learn about what it takes to:<br>● Shape your ideas into compelling and well structured narratives and complex story worlds<br>● Identify, understand, and engage different audiences in your stories<br>● Create cohesive user experiences across different platforms<br>● Evaluate existing and emerging technologies to share your story with the world, and help your audience | Біз интерактивті уеб-тәжірибе, әлеуметтік медиа қауымдастық, мобильді құрылғы, саябақ, тіпті кеңейтілген және виртуалды шындық сияқты платформада ауқымды және күрделі хикаялардың элементтерімен немесе франшизаларымен жиі ұшырасамыз.<br><br>Қазіргі және болашақ баяндаушылардың басты мәселесі – әртүрлі платформада айтылатын хикаяларға көрермендерді қызықтыру.<br><br>МЕН НЕ ҮЙРЕНЕМІН?<br>Сіз бұл курстан трансмедиалық хикаяларды әзірлеуге және айтуға қажет стратегияларды жасауды үйренесіз.<br>● Өз идеяларыңызды құрылымы жақсы хикаялар мен күрделі сюжеттік әлемдерге айналдыруды<br>● Әртүрлі аудиторияны анықтауды, олардың қызығушылықтарын түсінуді және өз хикаяңызға қызықтыруды<br>● Түрлі платформада біртұтас пайдаланушы тәжірибесін құруды<br>● Аудиторияңызға ауқымды сюжеттік әлемге қатысуға көмектесу және өз хикаяңызбен бөлісу үшін ағымдағы | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | participate in the larger storyworld you create<br>The course provides you with a unique, authentic, and industry relevant learning opportunity.<br>You will have access to current theory, industry examples and advice and undertake learning activities that will equip you with the tools you need to start developing your own ideas. | және жаңа технологияларды бағалауды үйренесіз.<br>Бұл курс сізге салаға қатысты бірегей, шынайы және өзекті ақпаратты білуге мүмкіндік береді.<br>Заманауи теориялар, мысалдар мен кеңестер, сонымен қатар идеяларыңызды жүзеге асыруға қажетті құралдардың барлығы қолжетімді болады. | | |
| **27** | **Managing Project Risks and Changes** | **Жоба тәуекелдері мен өзгерістерін басқару** | | |
| | This course will help you manage project risk effectively by identifying, analyzing, and communicating inevitable changes to project scope and objectives. You will understand and practice the elements needed to measure and report on project scope, schedule, and cost performance. You will be equipped with the tools to manage change in the least disruptive way possible for your team and other project stakeholders.<br><br>Upon completing this course, you will be able to:<br>1. Define components of a communications management plan | Осы курс сізге жоба ауқымы мен мақсаттарындағы өзгерістерді анықтау, талдау және хабардар ету арқылы жоба тәуекелдерін тиімді басқаруға көмектеседі. Сіз жоба ауқымы, кесте мен құн көрсеткішін бағалауға және есеп беруге қажетті элементтердің қандай екенін түсініп, оларды іс жүзінде қолданасыз. Сіздің командаңыз бен жобадағы басқа мүдделі тараптар үшін өзгерісті барынша залалы аз болатындай етіп басқаруға арналған құралдарыңыз болады.<br><br>Осы курсты аяқтағаннан кейін:<br>1. коммуникацияны басқару жоспарының құрамдас бөліктерін анықтай аласыз | 2,9 | https://www.coursera.org/learn/project-risk-management |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 2. Understand the importance of communications channels<br>3. Define the key elements needed to measure and report on project scope, schedule, and cost performance<br>4. Identify project risk events<br>5. Prioritize identified risks<br>6. Develop responses for a high priority risk<br>7. Identify and analyze changes to project scope<br>8. Describe causes and effects of project changes<br>9. Define the purpose of conducting a lessons learned session | 2. коммуникация арналарының маңыздылығын түсінесіз<br>3. жоба ауқымы, кесте мен құн көрсеткіштерін бағалап, есеп беруге қажетті басты элементтерді анықтай аласыз<br>4. жоба тәуекеліне қатысты іс-шараларды анықтай аласыз<br>5. тәуекелдерді басымдылығына қарай орналастыра аласыз<br>6. басымдылығы жоғары тәуекелге арналған жауаптарды әзірлей аласыз<br>7. жоба ауқымындағы өзгерісті анықтап, талдай аласыз<br>8. жобадағы өзгерістердің себеп-салдарын сипаттай аласыз<br>9. меңгерген сабақтар жөнінде жиын өткізудің мақсатын анықтай аласыз. | | |
| **28** | **Media ethics & governance** | **Медиа этика және басқару** | | |
| | About this course: This course explores some of the basic theories, models and concepts in the field of media ethics. We will introduce influential ethical theories and perspectives, explore changing societal demands and expectations of media creation and media use, and we will elaborate on existing ethical norms for media professionals. After following this course, | Курс туралы: Бұл курста медиа этика саласындағы кейбір негізгі теориялар, модельдер мен тұжырымдамалар қарастырылады. Сондай-ақ ықпалды этикалық теориялар мен көзқарастарды талқылаймыз, қоғамның медианы құруға және пайдалануға қатысты өзгермелі талаптары мен болжамдарын зерттейміз және медиа мамандардың қазіргі этикалық | 5,8 | https://www.coursera.org/learn/media-ethics-governance |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | you will be able to reflect on ethical dilemmas and develop a well-substantiated argumentation for ethical decision making in a variety of media-related contexts.<br>Upon completion of this course, students should:<br>● have knowledge of the history and development of perspectives on media ethics;<br>● have knowledge of the dominant theoretical approaches and concepts;<br>● be able to use this knowledge to develop a well-substantiated argumentation | стандарттарын егжей-тегжейлі сараптаймыз. Осы курсты аяқтағаннан кейін сіз этикалық дилеммалар туралы ой түйіп, медиаға қатысты әртүрлі контексте этикалық шешім қабылдау үшін негізді дәлелдер келтіруге машықтанасыз. Бұл курсты бітірген соң студенттер:<br>● медиа этика туралы көзқарастардың тарихы мен дамуы туралы;<br>● теориялық басым тәсілдер мен концепциялар туралы білім алып;<br>● осы білімін негізді дәлелдер келтіру үшін пайдалана білуі керек. | | |
| **29** | **Human Rights for Open Societies** | **Ашық қоғамдағы адам құқығы** | | |
| | Human rights are under pressure in many places across the globe. Peaceful protests are violently quashed. Voting is tampered with. And minorities are often excluded from decision-making. All of this threatens the ideal of an open society in which each of us can be free and participate equally. A solid protection of human rights is needed for an open society to exist and to flourish. But it is often an uphill battle to work towards that ideal. Equip yourself and learn more about what human rights are and how | Әлемдегі біраз елде адам құқығы бұзылған. Бейбіт наразылықтар күшпен басылып жатыр. Сайлау бұрмалануда. Азшылық топтар шеттетілуде. Осының бәрі еркіндік пен теңдікті қалайтын ашық қоғамға қауіп төндіреді. Әлем гүлденуі үшін ашық қоғам орнап, адам құқығы қорғалуы қажет. Бірақ бұл күреске толы қиын жол. Курстан өту арқылы адам құқықтары мен оны қорғау жөніндегі біліміңізді дамытыңыз.<br><br>Бұл курста әлемдегі адам құқықтары | 13,1 | https://www.coursera.org/learn/humanrights |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | they work.<br><br>In this course, we will introduce you to one of the world's most intricate human rights systems: the European Convention on Human Rights. You will see when and how people can turn to the European Court of Human Rights to complain about human rights violations. You will learn how the Court tries to solve many of the difficult human rights dilemmas of today. We will look, amongst other things, at the freedom of expression and demonstration, the right to vote, and the prohibition of discrimination. And we will address the rights of migrants, refugees, and other vulnerable groups. And, of course, we will see whether it is possible to restrict rights and if so under what conditions. You will even encounter watchdogs and ice cream in this course. We invite you to follow us on a journey of discovery into the European Convention! | саласындағы ең озық жүйелердің бірі Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық конвенциямен таныстырамыз. Сіз адамның құқығы бұзылғанда ол Еуропаның Адам құқықтары жөніндегі сотына қандай жағдайда және қалай жүгіне алатынын үйренесіз. Соттың қазіргі адам құқықтары саласындағы күрделі дилеммаларды шешу жолын көресіз. Сондай-ақ пікір айту мен шеруге шығу, сайлау құқықтары мен кемсітушілікке тыйым салуға тоқталамыз. Сонымен қатар мигранттар мен босқындардың, басқа да әлсіз топтардың құқықтары туралы сөз қозғаймыз. Құқықты қай кезде және қалай шектеуге болатынына тоқталамыз. Бұл курста тіпті қорғаушы ит және балмұздақ туралы мысалдар кездеседі. Еуропалық конвенцияға бірге саяхаттайық! | | |
| **30** | **Intelligence Tools for the Digital Age** | **Цифрлық дәуірдің интеллектуалдық құралдары** | | |
| | Digital technologies are changing business, government and society worldwide. Clearly, they're opening up new risks and | Цифрлық технологиялар бүкіл әлемдегі бизнес, үкімет және қоғамды өзгерту үстінде. Олардың әлем экономикасының | 5,2 | https://www.coursera.org/learn/intelligence-tools-digital-age |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | opportunities for every sector of the world economy. Such “futurology” may offer you the big picture, but what does a digital world mean for you, personally? Will you be ready for an automated, AI-assisted, big-data-driven employment future?<br><br>This course provides you an answer to these questions, and it does so from a unique perspective: by introducing you to the world of intelligence analysis. First, this course explains some of the skills that will command a premium in the digital age, and why. Then, it offers you mental models and practical frameworks developed by the US intelligence community to give you a cognitive edge understanding the digital world. This edge is not about spying or secrets. It’s about better thinking. This analytic toolkit has nothing to do with tired, static MBA-style strategy frameworks. Instead, these tools to help you come to grips with the volatility, uncertainty, ambiguity and deception of the digital age. Ultimately, this course makes the case that as the world becomes more digital, your future success depends most of all on asking better questions of both yourself and others. | әрбір секторы үшін жаңа тәуекелдер мен мүмкіндіктер ашатыны анық. Мұндай “футурология” жалпы көріністі ұсына алады, ал сіз үшін цифрлық әлем нені білдіреді? Болашақтағы жасанды интеллект пен big data-ға негізделген, автоматтандырылған жұмысқа дайынсыз ба?<br><br>Бұл курс осы сұрақтарға бірегей көзқараспен жауап береді: сізге интеллектуалдық анализ әлемін таныстырады. Ең алдымен, осы курста цифрлық дәуірде жоғары бағаланатын кейбір дағдылар айтылып, олардың неліктен құнды болатыны түсіндіріледі. Сондай-ақ курс цифрлық әлемді түсінуде когнитивтік артықшылық беру үшін сізге АҚШ интеллектуалдық қауымдастығы қалыптастырған менталдық модельдер мен практикалық құрылымдарды ұсынады. Бұл артықшылық тыңшылық пен құпияларға қатысты емес. Ойлау жүйесін жақсартуға қатысты. Бұл аналитикалық құралдар жинағы MBA стиліндегі стратегиялардың қажыған, статикалық құрылымдарынан мүлде бөлек. Оның орнына, бұл құралдар сізге цифрлық дәуірдегі құбылмалылық, белгісіздік, екіұштылық және | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Therefore, it teaches you how to adopt an intelligence analyst's question-asking mindset. In short, take this course to acquire a sustainable business advantage through clearer, more structured thinking. | алдампаздықты еңсеруге көмектеседі. Түптеп келгенде, осы курс әлем цифрландырылған сайын, келешектегі жетістік өзіңізге де, басқаларға да сұрақтарды жақсырақ қоюға көбірек тәуелді екенін дәлелдейді. Осылайша, ол сізді интеллектуалдық талдаушыға тән сұрақ қоюға негізделген ойлау жүйесін қабылдауға үйретеді. Қысқасы, әлдеқайда анық, құрылымдалған ойлау жүйесінің арқасында тұрақты бизнес артықшылыққа қол жеткізу үшін осы курсқа қатысыңыз. | | |
| **31** | **The Foundations of Cybersecurity** | **Киберқауіпсіздік негіздері** | | |
| | In order to manage the cybersecurity function business, you must first understand its language and its environment. This course covers the foundations of cybersecurity, including threats and vulnerabilities as well as the tools, technologies, and strategies used to manage it.<br><br>After completing this course, a learner will be able to:<br>● Define key concepts and terminology in Cybersecurity<br>● Identify threats to cybersecurity | Киберқауіпсіздік бизнесін басқару үшін алдымен оның тілі мен жұмыс істейтін ортасын түсіну керек. Бұл курс киберқауіпсіздік негізін, соның ішінде қауіп пен осал тұстарды және оларды басқару үшін қолданылатын құрал, технология және стратегияларды қамтиды.<br><br>Осы курсты аяқтағаннан кейін тыңдаушы:<br>● киберқауіпсіздік саласындағы негізгі ұғымдар мен терминологияны,<br>● киберқауіпсіздіктегі қатерлерді,<br>● ақпараттық активтердегі осал тұстарды жою стратегияларын, | **The Foundations of Cybersecurity** | https://www.coursera.org/learn/foundations-cybersecurity |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | • Identify strategies to identify and remediate vulnerabilities in information assets<br>• Identify the systemic components (including personnel) necessary for an effective cybersecurity program | • тиімді киберқауіпсіздік бағдарламасына қажет жүйелік компоненттерді (қызметкерлерді қоса) анықтай алады. | | |
| **32** | **Agile Meets Design Thinking** | **Agile және дизайндық ойлау** | | |
| | Despite everyone's good intentions, hard work and solid ideas, too many teams end up creating products that no one wants, no one can use, and no one buys. But it doesn't have to be this way. Agile and design thinking offer a different--and effective--approach to product development, one that results in valuable solutions to meaningful problems. In this course, you’ll learn how to determine what's valuable to a user early in the process--to frontload value--by focusing your team on testable narratives about the user and creating a strong shared perspective.<br><br>This course is supported by the Batten Institute at UVA’s Darden School of Business. The Batten Institute’s mission is to improve the world through entrepreneurship and innovation: | Ізгі ниет, күрделі жұмыс және сенімді идеяларына қарамастан, көптеген командалар, сайып келгенде, ешкімге қажетсіз, ешкім пайдалана алмайтын және ешкім сатып алмайтын өнімдер өндіреді. Бірақ олай болуға тиісті емес. Agile және дизайндық ойлау маңызды проблемалардың құнды шешіміне жеткізетін өнім әзірлеуге басқаша әрі тиімді көзқарас ұсынады. Бұл курста сіз командаңызды пайдаланушы туралы тексерілетін баяндамаларға жұмылдырып, берік ортақ көзқарас тудыру арқылы пайдаланушы үшін не құнды екенін процестің бастапқы кезеңдерінде ажыратуды үйренесіз.<br><br>Бұл курс Вирджиния университеті Дарден Бизнес Мектебіндегі Баттен институтының қолдауымен өткізіледі. Баттен институтының миссиясы – әлемді | 10,5 | https://www.coursera.org/learn/uva-darden-getting-started-agile |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | www.batteninstitute.org. | кәсіпкерлік пен инновация арқылы дамыту: www.batteninstitute.org. | | |
| **33** | **Agile Analytics** | **Agile аналитикасы** | | |
| | Few capabilities focus agile like a strong analytics program. Such a program determines where a team should focus from one agile iteration (sprint) to the next. Successful analytics are rarely hard to understand and are often startling in their clarity. In this course, developed at the Darden School of Business at the University of Virginia, you'll learn how to build a strong analytics infrastructure for your team, integrating it with the core of your drive to value. | Көп мүмкіндіктер талдау бағдарламасы ретінде Agile-ға мән бере бермейді. Мұндай бағдарлама команданың бір Agile итерациясынан (спринт) келесісіне өткенде неге мән беру керегін анықтайды. Дұрыс талдауды түсіну қиынға соғатын сәттер аз, ол көп жағдайда анықтығымен ерекшеленеді. Вирджиния университетінің Дарден бизнес мектебінде әзірленген бұл курста сіз командаңыз үшін мықты талдау инфрақұрылымын өз құндылықтарыңызбен байланыстырып құру жолын үйренесіз. | | |
| **34** | **Managing an Agile Team** | **Agile командасын басқару** | | |
| | While agile has become the de facto standard for managing digital innovation teams, many wonder if they're doing it 'right'. Twitter is full of jokes about how teams say they do agile but don't 'really' do it. The reality is that getting the most out of agile is less about observing specific procedures and more about how a team focuses and measures their progress.<br><br>Rather than just boring you with an | Agile цифрлық инновациялық командаларды басқарудың стандартына айналғанымен, көптеген адамдар оны "дұрыс" істеп жатырмын ба екен деп ойлайды. Твиттер командалардың Agile-ді қалай қолданатыны туралы әзілдерге толы, бірақ олар оны "шын мәнінде" қолданбайды. Шындық мынада, Agile-дан барынша пайда алу нақты процедураларды орындауға емес, команданың өз үлгерімін қалай шоғырландырып, қалай бағалайтынына | 9,4 | https://www.coursera.org/learn/uva-darden-agile-team-management |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | accounting of agile methodologies, this course focuses on helping you better charter your team's focus, definition of success, and practice of agile. While learning about agile mainstays like Scrum, XP, and kanban, you'll also learn to help your team ask the right questions about how they're working and facilitate good answers on how agile can help.<br>This course is supported by the Batten Institute at UVA's Darden School of Business. The Batten Institute's mission is to improve the world through entrepreneurship and innovation: www.batteninstitute.org. | байланысты.<br><br>Бұл курс сізді Agile әдістемелерінің сипаттамасымен шаршатпайды, ол сіздің командаңызға басымдық беру, табысты анықтау және Agile-ді іс жүзінде қолдануға көмектесуге бағытталған. Scrum, XP және канбан сияқты Agile негіздерін үйрену арқылы сіз өз командаңызға олардың қалай жұмыс істейтіні туралы дұрыс сұрақ қойып, Agile-дің қалай көмектесе алатыны туралы дұрыс жауап беруге көмектесуді үйренесіз.<br>Бұл курс UCLA жанындағы Дарден бизнес мектебіндегі Баттен институтының қолдауымен өтеді. Баттен институтының миссиясы – әлемді кәсіпкерлік пен инновация арқылы дамыту: www.batteninstitute.org. | | |
| **35** | **Blockchain Basics** | **Blockchain негіздері** | | |
| | This first course of the Blockchain specialization provides a broad overview of the essential concepts of blockchain technology – by initially exploring the Bitcoin protocol followed by the Ethereum protocol – to lay the foundation necessary for developing applications and programming. You will be equipped with | Бұл курс Blockchain мамандығына кіріспе, Bitcoin хаттамасынан бастап, Ethereum хаттамасына дейінгі тақырыптарды қамти отырып, қосымшаларды әзірлеу мен бағдарламалауға қажетті блокчейн технологиясын кең ауқымда ұсынады. Сіз жеке Ethereum blockchain-іңізде түйін мен аккаунт құру, аккаунты блоктан шығару, | 6,8 | https://www.coursera.org/learn/blockchain-basics |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | the knowledge needed to create nodes on your personal Ethereum blockchain, create accounts, unlock accounts, mine, transact, transfer Ethers, and check balances.<br><br>You will learn about the decentralized peer-to-peer network, an immutable distributed ledger and the trust model that defines a blockchain. This course enables you to explain basic components of a blockchain (transaction, block, block header, and the chain) its operations (verification, validation, and consensus model) underlying algorithms, and essentials of trust (hard fork and soft fork). Content includes the hashing and cryptography foundations indispensable to blockchain programming, which is the focus of two subsequent specialization courses, Smart Contracts and Decentralized Applications (Dapps). You will work on a virtual machine image, specifically created for this course, to build an Ethereum test chain and operate on the chain. This hands-on activity will help you understand the workings of a blockchain, its transactions, blocks and mining.\n\nMain concepts are delivered through videos, | майнинг пен транзакцияларды жүзеге асыру, Ether-лерді аудару, бірліктерді тексеру секілді функцияларды үйренесіз.<br><br>Орталықсыздандырылған тікелей аудару жүйесі, өзгермейтін таратылған тізілім және сенім моделімен таныс боласыз. Осы курс арқылы сіз blockchain компоненттерінің негізін (транзакция, блок, блок негізі, және тізбек), алгоритімдік операцияларын (тексеру, мақұлдау және келісім жасау моделі) және сенімнің негіздерін (күрделі және жеңіл тармақталу) түсіндіре алатын боласыз. Курс мазмұны смарт-контракт пен орталықсыздандырылған қосымшалар мамандықтарының негізі болатын, блокчейнді бағдарламалау үшін қажетті хэштеу және криптография негіздерінен тұрады. Сіз арнайы осы курс үшін жасақталған виртуалды бағдарламада Ethereum сынақ тізбегін құру және онымен жұмыс жасау мүмкіндігін аласыз. Бұл практикалық жұмыс blockchain-нің, соның ішінде транзакциялар, блоктар мен майнинг функцияларының қалай жұмыс жасайтынын түсінуге көмектеседі. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | demos and hands-on exercises. | | | |
| **36** | **Introduction to Big Data** | **Big Data-ға кіріспе** | | |
| | Interested in increasing your knowledge of the Big Data landscape? This course is for those new to data science and interested in understanding why the Big Data Era has come to be. It is for those who want to become conversant with the terminology and the core concepts behind big data problems, applications, and systems. It is for those who want to start thinking about how Big Data might be useful in their business or career. It provides an introduction to one of the most common frameworks, Hadoop, that has made big data analysis easier and more accessible -- increasing the potential for data to transform our world!<br><br>At the end of this course, you will be able to:<br>● Describe the Big Data landscape including examples of real world big data problems including the three key sources of Big Data: people, organizations, and sensors<br>● Explain the V's of Big Data | Big Data саласы туралы біліміңізді арттырғыңыз келе ме? Бұл курс деректер ғылымымен енді ғана таныса бастаған және бүгінде Big Data дәуірінің орнау себебін түсінгісі келетін адамдарға арналған. Сондай-ақ ол Big Data проблемаларына, қосымшаларына және жүйелеріне қатысты терминология мен негізгі ұғымдарды білгісі келетіндерге арналған. Бұл – Big Data-ның адамдардың бизнесінде немесе мансабында қаншалықты пайдалы болуы мүмкін екендігі туралы білгісі келетіндер үшін таптырмас курс. Мұнда ең кең таралған құрылымдардың бірі, Big Data талдауын жеңілдетіп, барынша қолжетімді қылатын, деректердің әлеуетін арттырып, әлемді өзгертетін Hadoop экожүйесіне кіріспе берілген.<br><br>Осы курстың соңында сіз мына дағдыларды меңгересіз:<br>● Big Data жүйесін сипаттау, соның ішінде бүгінгі әлемдегі Big Data проблемаларына мысал келтіру, Big Data-ның негізгі үш дереккөзі – | 10,7 | https://www.coursera.org/learn/big-data-introduction |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | (volume, velocity, variety, veracity, valence, and value) and why each impacts data collection, monitoring, storage, analysis and reporting.<br>● Get value out of Big Data by using a 5-step process to structure your analysis.<br>● Identify what are and what are not big data problems and be able to recast big data problems as data science questions.<br>● Provide an explanation of the architectural components and programming models used for scalable big data analysis.<br>● Summarize the features and value of core Hadoop stack components including the YARN resource and job management system, the HDFS file system and the MapReduce programming model.<br>● Install and run a program using Hadoop!<br>This course is for those new to data science. No prior programming experience is needed, although the ability to install applications and utilize a virtual machine is necessary to complete the hands-on | адамдар, ұйымдар және сенсорларды анықтау.<br>● Big Data-ның "V" әрпінен басталатын факторларын (volume (көлем), velocity (жылдамдық), variety (әртүрлілік), veracity (шынайылық), valence (маңыздылық) және value (құндылық) түсіндіру және олардың әрқайсысы деректерді жинауға, бақылауға, сақтауға, талдауға және есеп құруға қалай әсер ететінін анықтау.<br>● Анализді құрылымдау үшін 5 кезеңдік процесті қолданып, Big Data-ны пайдаға асыру.<br>● Big Data проблемаларын анықтау және оларды деректер ғылымының сұрақтары ретінде құрастыра білу.<br>● Масштабталатын Big Data талдауы үшін пайдаланылатын архитектуралық компоненттер мен бағдарламалау модельдерінің түсіндірмесін беру.<br>● Ресурс пен жұмысты басқаруға арналған YARN жүйесін, HDFS файлдық жүйесін және MapReduce бағдарламалау моделін қоса алғанда, Hadoop экожүйесінің негізгі стек | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
